

Ерік қимылдарын озінен-өзі пайда болмайтын, керісінше, адамның өмір сүрген ортасына байланысты дамып отыратын, ми қызметі продуктысының бірі болып есептелінетін психикалық процесс деп түсінуіміз қажет.

И.П. Павлов "...еріктік қозғалыстың механизмі жоғары жүйке қызметінің барлық заңына бағынатын шартты ассоциациятивтік процесс" деп ерікті мидың уақытша байланыстар принципінің заңына орайлас түсіндірді.

Абулия

(еріктік ниеттің болмауы
Шизофрениялық
дефектте; бас миының маңдай
бөлімдерінің зақымдануында
кездеседі.

Гипобулия

(еріктік ниеттің төмендеуі)
депрессивті, астениялық
жағдайларда

Ерік бұзылыстары

Гипербулия

(еріктік ниеттің жоғарлауы)
нашақорлық, пара-
нойяльды, маниакальды
Синдромдарға тән

Парабулия

(еріктік ниеттің сапалық
бұрмалануы)
шизофрения,
Психопатияларда анықталады.

Қозғалыстық бұзылыстар

Ерік бұзылыстары

- Ерікті әрекет, ойлау, есте сақтау, зейін, қиял, тәрбиелі сезімдерді қолдануды қажет етеді.
- Ерікті қозғалыстардан басқа, еріксіз қозғалыстарды бөледі, олардың негізінде шартсыз рефлексдер жатыр. Мұнда күйік кезінде қолды тартып алу, жүру, жазу, т.б. сияқты бірқатар автоматтандырылған әрекеттерді де жатқызуға болады.

Қозғалыстық бұзылыстар

| Гипокинезиялар (акинезиялар) | Дискинезиялар (паракинезиялар) | Гиперкинезиялар |
|--|--|---|
| <ul style="list-style-type: none">-паралич пен парездер-ступордың түрлері*аффективті*истериялық*депрессивті*галлюцинаторлы*апатиялық*кататониялық | <ul style="list-style-type: none">-эхопраксиялар-эхолалия-стереотипия-парамимия | <ul style="list-style-type: none">-гиперкинездер-психо-моторлы қозудың түрлері*истериялық*маниакальды*галлюцинаторлы-сандырақтық*гебефрендік*кататониялық*эпилептиформды |

- **Қозғалыстық қозу(гиперкинезия)** әдетте әртүрлі аффективті, сандырақтық, галлюцинаторлы, сананың бұлығырлануы сияқты психопатологиялық бұзылыстармен қатар жүреді.
- Осыған сәйкес психомоторлы қозуды қай психопатологиялық жағдайда дамығаны бойынша анықталады.

Қозғалыстық қозу — гиперкинезия.

- Бірнеше түрлері болады:
- **депрессивті** — (меланхолический раптус) связано с состоянием мучительной, непереносимой тоски, безысходного отчаяния;
- **Әбігерлік (алаңдаулы) ажитация** — үрей және аффективті күш түсу жағдайымен байланысты мотивацияланбаған қозғалыстық алаңдау;
- **маниакальды** — маниакальды жағдайларға тән қозғалыстық белсенділіктің жоғарлауы.
- **галлюцинаторлы және сандырақтық** галлюцинация және сандырақпен шартталған.
- **эпилептиформды** - терең дисфория ұстамасы, экстатикалық аффект немесе сананың бұлыңғыр алжасуына тән;

гиперкинезия

- **Эретикалық** — ақыл-есі кем науқастарда психоз кезіндегі агрессивті не аутоагрессивті, мәнсіз талқандаушы әрекеттер эпизодтары.
- **психогенды** — аффективті-шокты реакцияларда байқалатын дүрбелеңді қозу.
- **қозғалыстық** — сананың бұлыңғырлануы жағдайында болады — делирий, аменция;
- **Сөз-қозғалыстық** — маниакальды науқастардың аса сөзшеңдігі.
- **кататониялық** — паракинезия, импульсивті, реактивті мәнсіз әрекеттер мен моторлы және сөздік стереотипияның басымдығымен жүретін қозғалыстық қозу.

- **Қозғалыстық тежелу, немесе психомоторлы тежегіштік** (немесе гипокинезия мен акинезия) қозғалыс, сөйлеудің, ерікті және автоматты қозғалыстардың баяулауымен көрінеді. Толық қозғалыссыздық пен толық үнсіздік (мутизм) болған жағдай ступор болып табылады. Егер толық емес қозғалыссыздық немесе қозғалыс пен сөйлеу «іштен» ынталандырудан пайда болса, бұл субступор белгілері.

Ступор- қозғалыссыздық, құрысу.

Ступордың келесі түрлерін ажыратады:

- **кататониялық** — қозғалыссыздық, мутизм және бұлшықеттік тонустың жоғарлауын құрайды;
- **депрессивті** — («түнерген құрысу») — депрессиямен байланысты қозғалыстық тежелу;
- **психогенді** — шоктық психикалық жарақат әсеріне жауап ретінде пайда болатын қозғалыссыздық.
- **галлюцинаторлы** — императивті галлюцинациялар әсерінен дамитын қозғалыссыздық;
- **сандырақтық** — әрекеттің сандырақтық түрі болып табылатын құрысу.

Ступор.

- **экстатикалық** — экстатикалық аффект шыңында пайда болатын қозғалыссыздық.
- **маниакальды** — маниакальды жағдайдағы қозғалыстық тежелу;
- **экзогенды** — мидың стриопаллидарлы аймақтарының уыттық не инфекциялық зақымдануы нәтижесінде пайда болады, мысалы, пост- немесе метэнцефалиттік ступор;
- **апатиялық** — маңдайлық зақымдануларда, созылыңқы симптоматикалық психоздарда, кахексияда, бас-ми жарақаттарында, үдемелі салдануда, шизофренияда байқалатын толық немқұрайлық пен аспонтандық жағдайы.

- **Кататониялық ступор** қозудан кейін немесе одан тәуелсіз дамуы мүмкін. Субступорозды жағдай сөздерінің үзік-үзік болуымен, тежегіштікпен сипатталады. **Мутизммен** ступорда тілдік қатынастың толық жоғалуы байқалады.
- Балауызды иілгіштікпен **ступор** – берілген қалыпты қозғалыссыз және жоғары бұлшықеттік тонуспен ұзақ уақыт бойы сақтап тұруы.

- **Павлов симптомы** тән – науқастар әлсіз тітіркендіргішке жауап беріп, күшті тітіркендіргішке мән бермейді. Бұнда науқастар күндіз үндемейді, ал түнде «тіріліп», жүруі мүмкін. Бұлшықеттік сіресумен жүретін ступор эмбриональды қалыпта қатып қалумен көрініс береді. **Негативизммен ступор** - пассивті және активті болуы мүмкін. *Жағдайдың талаптарына, өзінің әрекетке деген ынтасына мәнсіз қарсы шығу* («ішкі негативизм», амбиваленттік). **Активті негативизмде** адекватты әрекеттерге қарама-қарсы істер жасалады. **Пассивті негативизмде** дұрыс әрекеттерді орындаудан бас тарту байқалады.

- **Парамимиялар** – берілген жағдайға сәйкес емес қозғалыс және мимикалық реакциялар, оларды атау үшін «мәнерлік» термині қолданылады
- **Паракинезияларға** сонымен бірге:
 - стереотипиялар,
 - эхоталиялар,
 - эхомимиялар.
 - эхопраксиялар,
 - эхографиялар, кататонияға тән

- **Гипербулия** – интеллектуалды және басқа да әрекеттерге ынтасының күшеюімен еріктік белсенділігінің жоғарлауы.
- **Абулия** - іс-әрекетке жартылай не толық ынта мен талпыныстардың болмауы. Көбінесе "апатиямен бірге (эмоциональды көріністердің болмауы, өзіне және басқаларға селқостық), ол шизофренияда, бас миының органикалық зақымдануларында кездеседі (әсіресе маңдай бөлігінің).